ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІ

«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ БІЛІМ МАЗМҰНЫН САРАПТАУ ОРТАЛЫҒЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР ЭКСПЕРТИЗЫ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ»

БҰЙРЫҚ

№ 26-к/қ
Астана қаласы

ПРИКАЗ

16.03.2026 ж.
город Астана

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, оның ішінде электрондық оқулықтарға жүргізілген сараптаманың қорытындыларын қарастыру жөніндегі пәндік сараптамалық комиссияларды құру және жұмысын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидаларына» сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім оқу әдебиеттерін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сараптамасының қорытындыларын қарастыру және сынақтан өткізу жөніндегі Пәндік сараптамалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылып, осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Комиссия мүшелері бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Пәндік сараптамалық комиссия жұмысын ұйымдастырып өткізудің іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Мектепке дейінгі, бастауыш білім берудің оқу басылымдарын сараптау бөлімі (Г.К. Аринова), Орта білім берудің оқу басылымдарын сараптау бөлімі (Л. Баимбетова):

1) Осы Бұйрықты Комиссия мүшелерінің назарына жеткізсін.

2) Комиссия отырысы Астана қаласында 2026 жылғы 8-18 сәуір аралығында өткізілсін.

4. Ғалым хатшы (Т.Д. Айтказина) жіберуші ұйымдардың Комиссия мүшелерінің еңбекақыларын сақтай және іссапар шығындарын төлей отырып, қатысуын қамтамасыз ету жөнінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне хат жолдасын.

000069

5. Бухгалтерия (М.Л. Ержанов) оқу әдебиеттерін сараптауға бөлінген қаражат есебінен Комиссия мүшелерінің қызметтері үшін ақы төлеу жұмыстарын ұйымдастырсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орталық директорының орынбасары М. Мұқаметқалиге жүктелсін.

Негіз: *ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы С. Әшіровпен келісілген, Орталық директоры Н. Абдрахмановамен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарының 3 және 9-сыныптарына арналған оқулықтарын әзірлеу, сараптамадан өткізу, басып шығарудың Жол картасы».*

Директор **Н. Абдрахманова**